

**Астана қаласы әкімдігінің**  
**«Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК**  
**Мектепшілік ата-аналар жиналысының**  
**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

29 тамыз 2022 жыл  
Қатысушылар саны: 197

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылындағы оқу үдерісі. Жауапты: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мұхтарбекова Б.С; Жүкешбаева Ж.У
2. Жаңа оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшелігі. Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Жауапты: директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бейсекова Т.Б
3. «Баланың бас ұстазы – ата-ана». Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Жауапты: мектеп психологы Нуриманова А.К

Мектеп директоры Шаяхметова Айтжан Ермұханқызы ата-аналарды жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының өту барысымен таныстырып өтті.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мұхтарбекова Бақытжан Советқызы ата-аналарға 2022-2023 оқу жылындағы оқу үдерісінің ерекшеліктерімен таныстырды. 1 ауысымда 1,3,5,7,8,9,10,11 сыныптар, 2 ауысымда 2,4,6,7 сыныптар оқитындығын хабарлады. Оқушыларды мектепке уақытында келу керектігін және оқушылардың білім деңгейін ата-аналар тарапынан үнемі қадағалау керектігін ескертті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бейсекова Толқын Батырбайқызы жиналысқа қатысушы ата-аналарды оқу жылының басталуымен құттықтап, ата-аналарға 1 қыркүйек Білім күніне орай өткізілетін іс-шаралар туралы хабарлады. Ал 2-11 сыныптар үшін сыныптың ішінде «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыптарында сынып сағаттары 2 сыныптар үшін сағат 11.00-де 3 сыныптар үшін 11.30.-да, 4 сынып үшін 12.00.-де 5-7 сыныптар үшін сағат 11.00.-де, 8-11 сыныптар үшін 12.30.-да өткізілетінін айтып өтті. Сондай-ақ, биылғы оқу жылында оқушыларға мектеп формасы толық сақталатынын, алайда форманы ала алмаған жағдайда классикалық үлгіде болатынын айтып өтіп, ата-аналарды мектептің ішкі тәртіп ережесімен тарыстырып өтті. Оқушының сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге, себепсіз сабақтан қалдырмауға ата-ана міндетті екендігін Білім заңының 49-бабына сәйкес айтып өтті. Жалпыға бірдей мектеп формасымен қамтамасыз етуге міндетті екендігін 2016 жылғы 14 қаңтардағы ҚР БЖҒМ №26 бұйрығына сәйкес ендігін ескертті. Жоғалған бағалы затқа мектеп ұжымы жауап бермейтінінде тілге тиек етті. Оқушы 21.00-ден кейін ата-ананың қарауынсыз көшеде жүруіне тыйым салынатынын айтып өтті. (Білім беру Заңының 6-тарау 48-бабына сәйкес) Ұйымдастырылған ата-аналар жиналысына ата-аналардың қатысуға міндетті екендігін және

мектептің мүлкін бүлдірген жағдайда ата-ана тікелей жауап беретінін айтып өтті. Оқушылардың мектеп формасын қатаң сақтау, мектеп формасына аксессуарлар мен діни атрибуттар қоспау (2016 жылғы 14 қаңтардағы ҚРБЖҒМ №26 бұйрығы) керектігін, оқу-тәрбие үдерісінде туындаған мәселелерді сынып жетекшіні ақпараттандыру керектігін, сабақ уақытында ұялы телефонды жеке мақсатта (Instagram, Facebook, WhatsApp, Вконтакте әлеуметтік желілерде) қолдануға тиым салынатынын, жеке бас гигиенасын қатаң сақтау (бетперде, антисептик) керектігін айтып өтіп, ата-аналарды биылғы 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие бағыты бойынша жүргізілетін жобалар бойынша таныстырып өтті.

Сонымен қатар ата-аналарды қауіпсіздік ержелерімен таныстырды. Оқушылардың денсаулығының қалыпты жағдайда сақталуын және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы нұсқаулықпен таныстырды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп психологы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жас ұрпақты парасатты, ақылды, мейірімді жан-жақты азамат ретінде тәрбиелеудегі ата-ананың ролін көрсету, оқушылардың жек тұлға болып қалыптасуына ата-ана беретін тәрбиенің әдіс-тәсілдерін жетілдіру, қарым-қатынас орнату, ата-аналарға оқытудағы жаналықтар туралы мәлімет беру, ата-аналардың мектеппен тығыз байланысын орнату мақсатында тренинг өткізді. Тренинг барысында сұрақ-жауап, топқа бөлу, постер құру, ой жинақтау, «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы, ситуациялық жағдай, видеоролик көрсету, балама ақ тілек, рефлексия жасалды.

Нуриманова Аяулым Кенжебекқызы: Ата-ананың тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ салсақ «Адамның бақыты балада» деген екен. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Шыр етіп дүниеге келгеннен бастап ата-ана алдында нәзік те, қиын, қырсыры мол үлкен міндет тұр.

Ата-аналар шеңбер жасап «Бала үшін ата-ана кім?» деген сұраққа бір ауыз сөзбен жауап айтты.

Тренинг соңында ата-аналар арнайы қағазға алған әсерін, ұсынысын, алдағы баламен қарым-қатынаста нені ескеру қажеттігін жазып, өзара пікір алмасты.

#### **Шешімі:**

1. 2022-2023 оқу жылындағы оқу үдерісінің ерекшеліктері ата-аналар тарапынан назарға алынсын;
2. Қауіпсіздік ережелерін сақтау, таныстырылған мектептің ішкі тәртіп ережесі, оның ішінде мектеп формасын сақтау, сабаққа кешікпеу бойынша айтылған ескертулер ата-аналар тарапынан назарға алынсын;
3. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында өткізілген тренинг барысындағы әдіс-тәсілдерді ата-аналар ескерсін.

Мектеп директоры

Хатшы:



А.Шаяхметова

Абилова А.О